

«Әжелер байқауы» сайысы
Өтілу мерзімі: 2022 жыл 16 мамыр
Анықтама

№53 «Ер-Асыл» бебекжай бакшасының тех қызметкерлері арасында «Әжелер байқауы» сайысы ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Мақсаты қазақ халқының әдеп-ғұрыптары мен ұлттық құндылықтарын насихаттау және әжелердің өнегесін кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру, сонымен қатар ата-бабаларымыздан қалған бай мұрамызды жаңғыртып, салт-дәстүрді дәріптеу.



«Асыл әжем әжелер» сайысы

Тақырыбы: «Асыл әжем әжелер» сайысы.

Мақсаты: Жас ұрпақты ата - баба дәстүрімен тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету. Әжелер айтқаны асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Әжелер өнегесінің ерекшелігін ашу. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге үйрету.

Ән: «Айым болып тудың ба»

Армысыздар құрметті қонақтар,

Ардақты да асыл әжелеріміздің өнерін үлгі етуге арналған «Асыл әжем» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар

Мейірімді ол кісі

Қандай ғажап күлкісі - дей отырып ортамызға сайысқа қатысушы әжелерімізді ду - қол шапалақпен ортамызға шақырайық!

1. Бізге әркез тілекші боп жүретін, қуанышымызға ортақ бола білетін ардақты ана Багила әжейді қарсы алыңыздар!

2. Өзі сондай әдемі, күндей күліп жүреді. Айсара әжейді қошеметпен қарсы алайық!

3. Әже біздің күніміз

Әжемнің біз гүліміз

Балаларды қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз,- дей отырып Айиман әжейді ортаға шақырамыз.

4. Әжем менің асыл жан

Жақсылыққа үйретіп

Жамандықтан шектейді

Әжеме ешкім жетпейді- деп немерелерінің сүйікті әжесі Анар әжемізді ортаға шақырамыз.

5. Таусылмайды өлеңі

Күнде айтып береді

Барған сайын бір жаққа

Кәмпіт алып келеді - деп Гулишат әжейді ортаға шақырамыз!

Кім жеңеді сайыста үміт алда,

Қобалжу бар жүректе күдік барда

Әділ - қазы алқасы атыңды ақта

Жүректерге арман мен бақыт жолда.- деп әділ - қазы алқасымен таныстырамын.

1.

2.

3.

Енді сайысымыздың шартымен танысайық

1. Өзін-өзі таныстыру
2. Сұрақ жауап
3. Ұршық иіру.
4. Ұлттық тағам көрмесі
5. Өнер сайысы

1 - Кезең Әжелеріміздің алғашқы кезеңі «Таныстыру»

2 - Кезең «Сыр сандық» сұрақ жауап сайысы. Әр әжеге 1 - билеттен беріледі, 1 - билетте 2 сұрақтан жазылған.

Сұрақтар;

1 - билет

1. Дастархан басында қандай ескертулер жасалады.
2. Егер уақыт машинасы болса қай жылға саяхаттап, қандай оқиғаны түзер едіңіз (Ашып, толық айтып берсеңіз)

2 - Билет

1. Немерелеріңізге ертегі айтып бересіз бе?
2. Егер ДЖИН келіп үш тілегіңді айт десе, қандай тілек айтар едіңіз.

3 - билет

1. Қазақ халқы баласын қалай тәрбиелеген?
2. Сіз ұнатқан әнші бір қасықпен тамақ жеп, сол қасықты жұмай сізге берсе тамақ жей аласызба? (Сол әншінің бір әнінен үзінді айтып беріңіз)

4 - Билет

1. Әженің бала тәрбиесіндегі орны қандай?
2. Қалаған үш елге тегін барып қыдырып келуге мүмкіндік болса қай елге барған болар едіңіз. (Кімге сыйлық ала келер едіңіз)

5 - билет

1. Базарлық деген не?
2. Белгілі бір жаста мәңгілік қалып қоюға мүмкіндік туса, неше жасыңызды таңдар едіңіз? (сол жастағы бір қызықты сәттен үзінді айтып өтіңіз.)

Енді ортаны ашайық

Инжу маржан шашайық

Ән мен биді шалқытып.

Қыздардың биін тамашалайық!

Жиналған халық таңғалсын

Өнерден күмбез жасайық!- деп қыздарымызды ортаға шақырайық.

3-кезең Ұршық иіру

Ән: Отаным

4-кезең . Ұлттық тағам көрмесі.

Әжелеріміз қандай ұлттық тағам дайындаған екен, ортаға шығарып таныстырайық.

5 - Кезең «Өнер сайысы»

Әжелеріміздің өнерін тамашалайық.







